Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет, Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа иэкономикалық саясат: - «Бізге мемлекет сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болу керек**».

2022 жылдың 2024 жылға кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірбие сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы мемлекет басшысөз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік орындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіп орындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалар мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарт бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмейді. Қайта сатып алулар процестері мерзімдердің кешігуіне және қаржылардың игерілмеуіне әкеледі, бұл рейтенгтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктқрін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз соммаға сатып алу сапасыз және жозықсызөнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келеді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабы 3 тармағының 28 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **«Алғабас ауылдық округіне қарасты Шақпақ елді мекен маңындағы Арыстанды, Қазата және Таңтар елді мекен маңындағы Шаян өзені арнасын, жағасын тазалау, қалыпқа келтіру ағымдағы жөндеу жұмыстары»** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдансын.

Алғабас ауылдық округінің әкімі: **Б.Нахыпбаев**

«Шақпақ елді мекен маңындағы Арыстанды, Қазата және Таңтар елді мекен маңындағы Шаян өзені арнасын, жағасын тазалау, қалыпқа келтіру ағымдағы жөндеу» жұмыстары үшін Мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау негіздемесі

Сатып алуды жүзеге асыру мақсатты: Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Алғабас ауылдық округінде **«Шақпақ елді мекен маңындағы Арыстанды, Қазата және Таңтар елді мекен маңындағы Шаян өзені арнасын, жағасын тазалау, қалыпқа келтіру ағымдағы жөндеу» жұмыстарын** жүргізуді стандартқа сай, үздіксіз сметада көрсетілген жұмыстарды атқарылу.

Шақпақ елді мекен маңындағы Арыстанды, Қазата, Таңтар елді мекен маңындағы Шаян өзені арнасын, жағасын күл қоқыстан тазалау, қауіпті жарларды бұзу, саяз арнасын тереңдету қажет. Шақпақтағы Арыстанды өзенінің жалпы ұзындығы 52-55 шақырым, Қазата, Таңтар елді мекен маңындағы Шаян өзенінің жалпы ұзындығы 14-15 шақырым. Жарлардың биіктігі 2-5 метр шамасында саны 7-9, өзіннің саяз арнасын 1-2 метр теңдікте қазып, қалыпқа келтіру.

Нақты орындаушыны таңдау себептері: ТОО **«Arai&Technology»** сенімге кірген мердігер. Баға ұсыныс тәсілімен өтінім беруші анықталған уақыттың өзінде уақтылы, сапалы қызмет көрсетуі күмәнді болып отыр, уақыттың тығыздығына байланысты осы мердігердің ұсынған бағалары қонымды. Біз жұмыстың сапалы орындалғанын қалаймыз.

Ауылдық округ әкімі: **Б.Нахыпбаев**